КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ
"АВТОРЛАР ӘНДЕРІНІҢ
ОДАҒЫ"
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД ШЫМКЕНТ
РОО "СОЮЗ
АВТОРОВ ПЕСЕН"
№ 174
«11» 04 2016ж.

**Қазақстан Республикасының**
**Әділет Министрі**
**Б.Имашевке**

**«Авторлар әндерінің одағы»**
**Республикалық қоғамдық бірлестігі**
Шымкент қаласы, Қайтпас мөлтек ауданы,
Амангелді көшесі 22 үй

**АҚПАРАТ**
Заңның 47 б. 1 т. талабына сәйкес

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабы 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Авторлар әндерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай-Бірлестік) 2015 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейміз.

1). Бірлестіктің Жарғысына 2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Жарғының жаңа редакциясы қабылданды және ҚР Әділет Министрлігінде 26.02.2015 жылы тіркелді.

2). Бірлестікпен 2015 жылы португалиялық мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын «SOCIEDADE PORTUGUESA DE AUTORES, CRL» мекемесімен екі жақты келісім түзілген.

3). Бірлестікпен 2015 жылы өткізілген жалпы жиналыста жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жарғының жаңа редакциясын бекіту, сыйақының ең төменгі ставкасын бекіту, атқарушы органның қаржылық есеп беру тәртібі мен мерзімі туралы Ережесін бекіту, ревизиялық комиссиясының тексеру тәртібі мен оның қорытындысын бекіту туралы Ережені бекіту, пайдаланушылармен лицензиялық шарт жасасу Ережесін бекіту, пайдаланушыларымен сыйақы төлеу туралы шарт жасасу Ережесін бекіту, жиналған сыйақыны бөлу және төлеу тәсілі туралы Ережені бекіту және аккредитация процедурасын өту мәселелері қаралып 2015 жылдың 15 қаңтарындағы хаттамамен шешімдер қабылданып, бекітілді.

Жарғының жаңа редакциясы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің тіркеу қызметі комитетінде 26.02.2015 жылы тіркелінді.

4). Бірлестіктің 2015 жылға түзілген жылдық балансы туралы:

| активтер | жол коды | есепті кезеңнің аяғында | есепті кезеңнің басында |
|---|---|---|---|
| I. Қысқа мерзімді активтер: | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 010 | 32 384 730 | 9 970 602 |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек | 016 | 41 232 576 | 33 132 610 |
| Қорлар | 018 | 49 750 | 42 831 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 019 | 145 083 | 84 437 |
| Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010 жолдан 019 жолды қоса алғанда) | 100 | 73 812 140 | 43 230 480 |
| II. Ұзақ мерзімді активтер | | | |
| Негізгі қаражат | 118 | 45 990 | 45 990 |
| Баланс (100 жол+101 жол-200 жол) | | 73 858 130 | 43 276 470 |

| Міндеттеме және капитал | Жол коды | есепті кезеңнің аяғында | есепті кезеңнің басында |
|---|---|---|---|
| III. Қысқа мерзімді міндеттемелер | | | |
| Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек | 213 | 17 684 248 | 3 139 984 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері | 215 | | |
| Қызметкерлерге сыйақылар | 216 | 226 916 | 843 885 |
| Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер | 217 | 2 272 176 | 1 118 443 |
| Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210 жолдан 217 жолды қоса алғанда) | 300 | 20 183 339 | 5 102 312 |
| V. Капитал | | | |
| Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал) | 414 | 53 674 790 | 38 171 198 |
| Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410 жолдан 414 жолды қоса алғанда) | 420 | 53 674 790 | 38 171 198 |
| Барлығы капитал (420 жол+/-421 жол) | 500 | 53 674 790 | 38 171 198 |
| Баланс (300 жол-301 жол + 400 жол+ 500 жол) | | 73 858 130 | 43 273 509 |

## 2015 жылғы ақшалай қаражат қозғалысы туралы есебі (тура әдіс)

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | есепті кезеңге |
|---|---|---|
| I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы | | |
| 4. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (011 жолдан 016 жолды қоса алғанда) | 010 | 88 907 429 |
| Оның ішінде: өзге де түсімдер | 016 | 88 907 429 |
| 5. Ақша қаражатының кетуі, барлығы (021 жолдан 027 жолды қоса алғанда) | 020 | 64 750 390 |
| Оның ішінде:<br>-тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер | 021 | 451 727 |

| | | |
|---|---|---|
| -сақтандыру шарттары бойынша төлемдер | 025 | 3 949 |
| -бюджетке табыс салығы мен басқа да төлемдер | 026 | 998 100 |
| -өзге де төлемдер | 027 | 63 296 614 |
| 6. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза соммасы (010 дол-020 жол) | 030 | 24 157 039 |
| III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы | | |
| 2. Ақша қаражатының кетуі, барлығы (101 жолдан 105 жолды қоса алғанда сомасы) | 100 | 1 346 000 |
| Оның ішінде: | | |
| өзге кетулер | 105 | 1 346 000 |
| 3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы(090 жол – 100 жол) | 110 | (1 346 000) |
| 4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері | 120 | (396 911) |
| 8 Ақша қаражатының артуы +/- азаюы (030 жол+/- 080 жол+/- 110 жол) | 130 | 22 811 039 |
| 9 Есепті кезеңнің басына ақша қаражаты мен олардың баламалары | 140 | 9 970 602 |
| 10 Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары | 150 | 32 384 730 |

Бірлестіктің 2015 жылғы пайда мен залалдары туралы есебі

| Көрсеткіштердің атауы | Жол коды | есепті кезеңге |
|---|---|---|
| Түсім | 010 | 47 254 705 |
| Сатылған тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны | 011 | 471 477 |
| Жалпы пайда (010 жол-011 жол) | 012 | 46 783 228 |
| Әкімшілік шығыстар | 014 | 18 157 108 |
| Өзге шығыстар | 015 | 2 465 543 |
| Өзге кірістер | 016 | 11 469 712 |
| Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012 жолдан 016 жолды қоса алғанда) | 020 | 37 630 288 |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар | 022 | 22 126 696 |
| Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020 жолдан 025 жолды қоса алғанда) | 100 | 15 503 593 |
| Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100 жол -101 жол) | 200 | 15 503 593 |
| Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200 жол + 201 жол) | 300 | 15 503 593 |
| Жалпы жиынтық пайда (300 жол+400 жол) | 500 | 15 503 593 |

Бірлестіктің 2015 жылдық есебі туралы.

Бірлестікпен 2015 жылы пайдаланушыларға 47 268 134 тенгеге шот фактура қойылып, пайдаланушылардан 36 178 198 тенге сыйақы түскен.

Пайдаланушылардан 2015 жылы түскен есеп беру қорытындылары негізінде сыйақыларды бөлу арқасында құқықиеленушілерге 22 126 696 теңге бөлінді, ал алдыңғы есеп жылдардан талап етілмеген соммасының көлемі 2 864 088 теңге. Осының ішінде құқықиеленушілерге төленген сыйақының сомасы 8 450 679 теңгені құрайды.

2016 жылдың 1 қантарына талап етілмеген сыйақы соммасының көлемі 16 540 104 теңгені құрап, құқықиеленушілерге төлеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ресми іздеу жарияланып, интернет ресурсқа енгізілген.

Пайдаланушылар арасындағы шарттар (лицензиялық) талаптарына сәйкес, олар пайдаланылған туындылар жөніндегі есептерін есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін тапсырады, немесе кейбіреулері есептерін өз мерзімінде табыс етпейді.

Осыған орай, алдыңғы және 2015 жылдың 4 тоқсанына жиналған сыйақылар пайдаланушылардың есептеріне сәйкес құқықиеленушілерге бөлу, төлеу мәселесі 2016 жылға ауысады және 2015 жылдың есебіне енгізілмейді.

Сондықтан, 2015 жылдың есебіне енгізілген сыйақының 9 927 980 теңгесі 2016 жылдың 1 тоқсанында құқықиеленушілерге төленді.

Яғни, бүгінгі таңға 2015 жылы жиналған сыйақының 18 378 659 теңгесі құқықиеленушілерге төленді.

Бірлестіктің 2015 жылғы қызметінде сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30 пайызынан аспайды.

ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» Заңының 5 бабының 2,3 тармақтарына, ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 1 бабының 7 тармақшасының талаптарына сай Бірлестіктің қызметіне аудиторлық тексеру жүргізілмейтіні және шығын болатын қаржы мәселесі ескеріліп өткен жылға аудиторлық тексеру ұйымдастырылмады.

Ал, дебиторлық қарыздар бойынша заңнама талаптарына сай тиісті шаралар көріліп, сот шешімі негізінде өндіріліп келеді.

Сонымен қатар, Бірлестіктің қызметкерлері ғаламторда орналасқан қол жетімді базалар арқылы және өкілдермен құқықиеленушілердің тұрғылықты мекен-жайларына барып, оларды іздестірулері оң нәтиже беруде.

Бірлестікте интернет-ресурс жұмыс жасап, онда сабақтас құқықтар объектілерінің атауы, құқықиеленушілердің аты мен басқаруға берілген құқықтар, пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпараттар, жергілікті жерлердегі өкілдер және жиналған сыйақыны аудару үшін орындаушыларды, фонограмма шығарушыларды іздеу жөніндегі мәліметтер тиісті дәрежеде қамтылған.

Сонымен қатар, өз жарғылық мақсаттарымызды әр-бір пайдаланушыға жеткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына мәліметтер жарияланып, жеке-дара түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бірлестіктің Жарғылық мақсаттағы жұмысын 2015 жыл көлемінде жандандырып, уәкілдік етіп келген қызметкерлеріміз: Б.А. Абдукаримов, Ю.Ткачук, Б.Т.Мухамеджанов, Б.Т.Кундақбаева, А.М.Битемір, Г.М.Шонтыкова, Б.С.Бердибаев, С.Е.Көшекбаев, Е.Муратова, М.Муратов, Н.Енжанов, Б.Дауылбаев, З.Кенжебек, Н.М.Енжанов, Д.Т.Махсудов, А.Игіліқұлы, А.Б.Молдабергенов, А.Шуменов, Б.Байрамғалиев, А.Сейдан, А.Сейтов, Б.Жанбота, Ж.Умбеталиев, Ш.Исмагулов, Е.Жолдасбек, Б.Бірлік, А.Садыкова, РКен Мирас.

**«Авторлар әндерінің одағы»**
**республикалық қоғамдық бірлестігінің**
**Бас директоры** **Н.М.Енжанов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ
"АВТОРЛАР ӘНДЕРІНІҢ
ОДАҒЫ"
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГОРОД ШЫМКЕНТ
РОО "СОЮЗ
АВТОРОВ ПЕСЕН"
№235
"06" маусым 2016 ж.

**Қазақстан Республикасының**
**Әділет Министрі**
**Б.Имашевке**

**«Авторлар әндерінің одағы»**
**Республикалық қоғамдық бірлестігі**
Шымкент қаласы, Қайтпас мөлтек ауданы,
Амангелді көшесі 22 үй

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

«Авторлар әндерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі (әрі қарай-Бірлестік) тарапынан өз мерзімінде 2015 жылы атқарған қызметі туралы ақпарат жолданған.

Осы ақпаратты талдап жазу барысында салық органына табыс етілетін есеп формасындағы цифралар дұрыс қосылмағаны анықталды. Яғни, нақты түскен соммалар мен одан шығатын нәтижелер дұрыс енгізілмеген.

Яғни, Бірлестіктпен табыс етілген ақпараттың «2015 жылдық есебі» бөлігі мынадай:

Бірлестікпен 2015 жылы пайдаланушыларға 47 951 959 тенгеге шот фактура қойылып, пайдаланушылардан жалпы 58 737 846 тенге сыйақы және өтемақы түскен.

Пайдаланушылардан 2015 жылы түскен есеп беру қорытындылары негізінде сыйақыларды бөлу арқасында құқықиеленушілерге 22 126 696 теңге бөлінді, ал алдыңғы есеп жылдардан талап етілмеген соммасының көлемі 2 864 088 теңгені құраған. Осының ішінде құқықиеленушілерге 2015 жылы төленген сыйақының сомасы 8 450 679 теңгені құрайды.

2016 жылдың 1 қантарына талап етілмеген сыйақы соммасының көлемі 16 540 104 теңгені құрап, құқықиеленушілерге төлеу үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ресми іздеу жарияланып, интернет ресурсқа енгізілген.

Пайдаланушылар арасындағы шарттар (лицензиялық) талаптарына сәйкес, олар пайдаланылған туындылар жөніндегі есептерін есептік тоқсаннан

кейінгі айдың 10-на дейін тапсырады, немесе кейбіреулері есептерін өз мерзімінде табыс етпейді.

Осыған орай, алдыңғы және 2015 жылдың 4 тоқсанына жиналған сыйақылар пайдаланушылардың есептеріне сәйкес құқықиеленушілерге бөлу, төлеу мәселесі 2016 жылға ауысады.

Сондықтан, 2015 жылдың есебіне енгізілген сыйақының 9 927 980 теңгесі 2016 жылдың 1 тоқсанында құқықиеленушілерге төленді. Яғни, ақпарат беру мерзіміне 2015 жылға жиналған сыйақының 18 378 659 теңгесі құқықиеленушілерге төленді.

ҚР «Авторлық құқық және сабақас құқықтар туралы» Заңының 46 бабына «Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан аспауға тиіс» жөніндегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 07.04.2015 жылғы №300 санды Заңы «Егемен Қазақстан» газетіне ресми түрде 10.04.2015 жылы жарияланған. Яғни, 20.04.2015 жылы заңды күшіне енген.

Осыған орай, бірлестікке осы мерзімнен жыл соңына дейін жалпы 46 374 395 теңге сыйақы мен өтемақы түскен.

Бірлестіктің осы мерзімге орын алған әкімшілік шығыны 10 915 204 теңгені құрайды.

Нәтижесінде, Бірлестіктің әкімшілік шығыны жалпы түскен comманың 24 пайызын құрайды.

**«Авторлар әндерінің одағы»**
**республикалық қоғамдық бірлестігінің**
**Бас директоры** **Н.М.Енжанов**